



201 \_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ \_\_\_\_\_

Астана, Үкімет Үйі

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201 \_\_\_\_ г.

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
(тізім бойынша)***2019 жылғы 19 маусымдағы № ДС-101 сауалға***Құрметті депутаттар!**

Сіздердің «Дипломмен ауылға» жобасын (*бұдан әрі – Жоба*) іске асыруға қатысты сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

*Жобаны толық қаржыландыру мәселесін қарауға қатысты*

Жобаны іске асыру ауылдық елді мекендерге мамандар ағынын арттыруға мүмкіндік берді. Мәселен, Жоба іске асырылғанға дейін жыл сайын ауылға шамамен 3 300 маман келсе, Жоба іске асырылған сәттен бастап бұл көрсеткіш жыл сайын 5 000 маманға дейін ұлғайды.

Соңғы жылдары Жобаны іске асыруға республикалық бюджеттен қаражат бөлудің оң динамикасы байқалады. Мәселен 2017 жылы 11,0 млрд. теңге, 2018 жылы 13,7 млрд. теңге бөлінді, 2019 жылы тұрғын үйге бюджеттік кредит беруге 14,8 млрд. теңге қарастырылды. Сонымен бірге республикалық бюджеттен бөлінетін қаражат өңірлердің мамандарға деген қажеттілігінің 70-75% жабады.

Қазіргі уақытта бюджеттің мүмкіндіктерін ескере отырып, мемлекеттік бюджеттен барынша қаржыландыру мәселесі 2020 – 2022 жылдарға арналған үш жылдық бюджетті қалыптастыру шеңберінде қарастырылуда. Сонымен бірге облыс әкімдіктерінің жергілікті бюджеттен қаражат бөлуге құқығы бар.

*Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген мамандар үшін мамандықтардың тізімін кеңейтуге және көтерме жәрдемақы мөлшерін 70 АЕК-тен 100 АЕК-ке дейін арттыруға қатысты*

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі (*бұдан әрі – Агенттік*) Мемлекет басшысы 2017 жылғы 12 шілдедегі № 17-1611-13 мақұлдаған мемлекеттік қызметті жетілдіру жөніндегі тәсілдерді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті. Осы жоспар шеңберінде жобаға енгізу және заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерге тиісті өзгерістер енгізу үшін мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің санаттарын анықтау бойынша шаралар қарастырылған.

Жоғарыда аталған бастаманы іске асыру үшін мемлекеттік бюджеттен 2 292,5 млн. теңге қаражат бөлу қажет. Қазіргі уақытта тиісті бюджеттік өтінім республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізілді. Осы мәселе бойынша шешім қабылдау нәтижесінде тиісті нормалар Мемлекеттік қызмет мәселелерін жетілдіру мәселелері бойынша заң жобасы шеңберінде іске асырылатын болады. Бұдан бұрын қаржылай бекітудің болмауына байланысты бұл ұсыныстар Парламент Мәжілісінің депутаттары бастамашылық жасаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасынан алынып тасталды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 359 қаулысына сәйкес ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға көтерме жәрдемақы көлемі 100 АЕК дейін ұлғайтылды.

Қазіргі уақытта жергілікті атқарушы органдар (*бұдан әрі – ЖАО*) осы қаулыны іске асыру бойынша шаралар қабылдауда.

Сонымен қатар, 2020-2022 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттерді қалыптастыру шеңберінде Ұлттық экономика министрлігі 100 АЕК мөлшерінде көтерме жәрдемақы беруге қосымша қаражат бөлу мәселесін қарастыруда.

*Жоғары білімді мамандарға бірінші кезекте әлеуметтік қолдау шараларын алу құқығын беру туралы*

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңның 18-бабының 8-тармағына сәйкес ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға жергілікті өкілді органдардың (мәслихаттардың) шешімі бойынша көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көрсетіледі.

Осылайша Заңда мамандар білімінің деңгейіне байланысты әлеуметтік қолдау шараларын беру көзделмеген.

Әлеуметтік қолдау шараларын алу үшін негізгі шарттардың бірі дипломы бар маманның ауылдық елді мекенде орналасқан әлеуметтік қызмет көрсету және агроөнеркәсіптік кешен саласында қызмет атқаратын тиісті мекемеде мамандығы бойынша жұмыс істеуі болып табылады.

Осыған байланысты әлеуметтік қолдау шараларын бірінші кезекте жоғары білімі бар мамандарға беру мәселесі орынсыз деп санаймыз.

*Ауылдық аудандар әкімдіктерінің «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ алдындағы берешегіне, сондай-ақ Жоба шеңберінде Қор көрсететін қызметтер үшін тарифті 2,5% - дан 1,5% - га дейін төмендетуге қатысты*

2010 жылдан бастап «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ (*бұдан әрі – Қор*) «Дипломмен ауылға» жобасын іске асыру шеңберінде Сенім білдірілген өкіл (*агент*) функцияларын орындайды.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 174-бабының 2-тармағына сәйкес бюджеттік кредиттеу субъектілерінің құқықтары мен міндеттері осы Кодекске және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне сәйкес кредиттік шартпен және (*немесе*) тапсырма шартымен айқындалады.

Қор жергілікті атқарушы органдармен Тапсырма шарттарын жыл сайынғы негізде жасасады, онда Тараптар арасында өзара іс-қимыл тәртібі, оның ішінде Сенім білдірілген өкілдің (*агенттің*) көрсетілетін қызметтерін төлеу мөлшері бекітілген.

Қазіргі уақытта Қор жылдық тариф мөлшері 3%-дан 2,5%-ға дейін төмендетілді, олардың ішінде 2,3% қарыздарды сүйемелдеу бойынша шығыстар және 0,2% Қордың маржасы құрайды. Сондай-ақ Сенім білдірілген өкілдің (*агенттің*) көрсетілген қызметтерінің құнын есептеу әдістемесі толығымен өтелген кредиттерді шегергенде берілген кредиттердің жалпы сомасынан барлық өтеулерді шегергенде берілген кредиттердің жалпы сомасына (*берешек қалдығына*) өзгертілді.

Сенім білдірілген өкілдің (*агенттің*) көрсетілген қызметтерінің құнын есептеу әдістемесін берешек қалдығына өзгерту және тарифті 2,5%-ға дейін төмендету жергілікті атқарушы органдардың қаржы жүктемесін болжамды есептеулер бойынша 2019 жылы 26%-ға төмендетуге мүмкіндік берді.

Қор тарифті 1,5%-ға дейін төмендету мәселесін қосымша қарастыруда.

Сонымен қатар бүгінгі күні Сенім білдірілген өкілдің (*агенттің*) агенттік қызметтері үшін ЖАО берешегі 57,9 млн. теңге құрайды. Ең көп берешек Қызылорда (*37,4 млн. теңге*), Түркістан (*6,9 млн. теңге*), Шығыс Қазақстан (*6,3 млн. теңге*) және Маңғыстау (*6,0 млн. теңге*) облыстары бойынша қалыптасқан.

Бұл ретте Қызылорда облысының берешегі тек екі – Жалағаш (*24,0 млн. теңге*) және Сырдария (*13,4 млн. теңге*) аудандары бойынша осы аудандар әкімдіктерінің сенім білдірілген өкілдің (*агенттің*) қызметтеріне ақы төлеуге арналған шығындарды дұрыс жоспарламауы салдарында қалыптасқан.

Тұтастай алғанда «Дипломмен ауылға» жобасы белсенді түрде жүргізілуде және тұрақты бақылауда.

**Ә. Смайылов**